

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 205 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19 бабының 1-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 1 тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне газ құбырын жүргізу және пайдалану үшін Шолаққорған ауылының К.Тұрымбеков көшесінен -693,6 шаршы метр, Ә.Зейілбекұлы көшесінен -969,2 шаршы метр, Ә.Әшірбеков көшесінен-1313,2 шаршы метр, А.Мырзалиев көшесінен-1618,8 шаршы метр, О.Анарбеков көшесінен - 1773,2 шаршы метр, С.Еспенбетов көшесінен -1976,8 шаршы метр, Т.Аймұрзаев көшесінен-2218 шаршы метр, Ш.Оқшиев көшесінен -1193,2 шаршы метр, барлығы-11756 шаршы метр жер участкеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шолаккорған ауылдық округінің әкімі

А.Елибаев